

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау  
министрлігіҚазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2025 жылғы 18 қарашадағы № 149  
және Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
– Жасанды интеллект және  
цифрлық даму министрінің 2025  
жылғы 19 қарашадағы № 584/НҚ  
бірлескен бұйрығыМинистерство здравоохранения Республики  
Казахстан

**«Бір терезе» қағидаты бойынша дәрілік заттар мен медициналық  
бұйымдарды мемлекеттік тіркеу жөніндегі пилоттық жобаны жүргізу  
туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің  
2025 жылғы 18 шілдедегі № 67 және Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің  
2025 жылғы 22 шілдедегі № 380/НҚ бірлескен бұйрығына толықтырулар  
енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Бір терезе» қағидаты бойынша дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу жөніндегі пилоттық жобаны жүргізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 18 шілдедегі № 67 және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2025 жылғы 22 шілдедегі № 380/НҚ бірлескен бұйрықпен бекітілген мынадай толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Бір терезе» қағидаты бойынша дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды тіркеу қағидалары:

мынадай мазмұндағы 115-1 және 115-2-тармақтармен толықтырылсын:

«115-1. Мемлекеттік сараптама ұйымы уәкілетті органның сұрау салуы бойынша көтерме және бөлшек саудада өткізу үшін үстеме бағалары бар ДЗ саудалық атауына өндірушінің шекті бағасының жобаларын, ТМККК шеңберінде



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты  
құжатқа сілтеу QR-коды

және (немесе) МӘМС жүйесінде ДЗ сауда атауына және халықаралық патенттелмеген атауына шекті бағаларды бекіту үшін жібереді.

115-2. Уәкілетті орган көтерме және бөлшек саудада өткізу үшін үстеме бағалары бар ДЗ саудалық атауына өндірушінің шекті бағаларын, ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде ДЗ саудалық атауына және халықаралық патенттелмеген атауына шекті бағаларды бекітеді.»;

мынадай мазмұндағы 195-1 және 195-2-тармақтармен толықтырылсын:

«195-1. Мемлекеттік сараптама ұйымы уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде ММБ саудалық атауы мен техникалық сипаттамасына шекті бағалардың жобаларын бекіту үшін жібереді.

195-2. Уәкілетті орган ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде ММБ сауда атауына және техникалық сипаттамасына шекті бағаларды бекітеді.».

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бірлескен бұйрық бекітілген күннен бастап бес күнтізбелік күні ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау вице-министріне және жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық  
даму министрі**

\_\_\_\_\_ **Ж. Мадиев**

**Қазақстан  
Республикасының  
Денсаулық сақтау  
министрі**

\_\_\_\_\_ **А.  
Альназарова**